

**"Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы"  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 146-ө  
өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 10 наурыздағы № 49-ө  
өкімі

"Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 146-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

6-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мемлекеттік органдардың қолданыстағы реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарау бойынша жоспарларын орындамауы туралы ақпаратты қарау қорытындысы;

5) кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құрал және (немесе) талап енгізілгені, реттеу қатаңдатылғаны туралы реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарау қорытындысы бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады."

*Премьер-Министр*

*Ә. Смайылов*